



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 ж. 09.02

Атбасар қаласы

№ 02-03/526-1

город Атбасар

Ақшалай және өзге де қаражатты жинауға тыйым салу туралы

«Ақмола облысының білім басқармасы» ММ-нің «Ақша және өзге де қаражатты жинауға тыйым салу туралы» 17.09.2024 жылғы № 357 бұйрығы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары негізінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген, Педагогикалық этика қағидаларына сәйкес. Атбасар ауданының мемлекеттік білім беру ұйымдарының мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру, білім беру ұйымдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бөлігінде нормаларды орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының басшыларына:

1) Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің (Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес тегін орта білім алуды қамтамасыз етуге;

2) педагогтердің білім беру процесіне қатысушылардан жөндеу жұмыстарын жүргізуге және әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыруға қаржы және өзге де қаражат жинау фактілерін болдырмау жөнінде шаралар қолдануға;

3) сынып жетекшілерін, тәрбиешілерді білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан ақша жинау үшін тартуға үзілді-кесілді тыйым салуға, сондай-ақ әкімшіліктен, мұғалімдер мен білім беру ұйымдары оқушыларынан әр түрлі қажеттіліктерге ақша қаражатын жинауға жол бермеуге;

4) білім беру процесіне қатысушылардан педагогтердің қаржы және өзге де қаражатты жинау фактілері анықталған жағдайда оларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдай отырып, Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесте қарау қажет.

2. Білім бөлімінің сайтына келіп түскен өтініштерді, сенім телефоны мен басқа да өтініш түрлерін уақытылы зерделеу, олар бойынша нақты шаралар қабылдауға.

3. Осы бұйрық білім беру ұйымдарының барлық қызметкерлерінің назарына қол қойғызып жеткізілсін.

4. Осы бұйрықтың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету, орындамағаны үшін директорларды тәртіптік жауапкершілікке тарту.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің заңгері В.В. Данченкоға жүктелсін.

6. Осы бұйрық Атбасар ауданының білім бөлімінің ресми сайтында (<http://atbasar.akmoedu.kz>) жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**«Ақмола облысы білім басқармасының
Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі»
ММ басшысы**



Н.Г. Наймушина